## "Мониторингке жататын мәмілелер бойынша тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) Тізбесін бекіту туралы" Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 22 ақпандағы N 206 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 398 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1828. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 325, ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 386 бірлескен бұйрығымен (V032471).

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мониторингке жататын мәмілелер бойынша тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) Тізбесін бекіту туралы" Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 22 ақпандағы N 206 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Осы Бұйрықпен бекітілген Мониторингке жататын мәмілелер бойынша тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тізбесінде:

1) 4-10 жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "4. Қара металдар | Көміртекті болаттың бұйымдары | 7206-7212, 7214 |
| | Қара металдардың бұйымдары | 7302, 7304 |
| | Ферроқорытпалар | 7202 |
| 5. Қымбат металдар | Алтын, күміс | 7108, 7106 |
| 6. Кен және концентраттар | Темір | 2601 |
| | Марганец | 2602 00 000 |
| | Хром | 2610 00 000 |
| | Қорғасын | 2607 00 000 |
| | Цинк | 2608 00 000 |
| | Мыс | 2603 00 000 |
| 7. Органикалық емес химия өнімдері | Алюминий оксиді (алюминий тотығы) | 2818 20 000 |
| | Хромның оксидтері мен су оксидтері | 2819 |

| | | |
|---|---|---|
| | Уран | 2844 |
| 8. Астық дақылдары | Бидай және меслин | 1001 |
| 9. Мақта | Таратылған мақта талшығы | 5201 00 |
| 10. Энергия | Электрлік | 2716 00 000"; |

2) мына мазмұнда 10-1 жолмен толықтырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| "10-1. Мұнай және газ өндіруде қолданылатын жабдықтар, қосалқылар және материалдар | Сұйық отынды агрегаттар, аппаратуралар, қосалқы бөлшектер, компрессорлар, сүзгіш немесе сұйықтар мен газды тазартуға арналған агрегаттарды қоса алғанда, тау тастары мен жер қыртысын бұрғылау үшін басқа да саймандар | 732182-890392 |
| | Қара металдардан жасалған мұнай және газ құбырлары үшін түтіктер мен түтікшелер, қара металдардан жасалған қуыс профильдер | 730410-730690 |
| | Бентонит, басқа да антидетонаторлар мен инициаторлар, реакциялар беруді жеделдеткіштер мен катализаторлар, лак және ұқсас өнімдер үшін органикалық емес қоспа ерітінділер мен араластыруыштар, карбоксиметил. целлюлоза және оның целлюлоза және оның тұздары | 250810-391231 |
| | Түтіктер мен түтікшелер үшін балқы. тылмаған шойыннан фитингтер, қара металдардан жасалған басқа да фланцтар мен түтіктер немесе түтікшелер үшін фитингтер, қара металдардан құйып жасалған басқа фитингтер | 730711-730799". |

2. Мониторинг және трансферттік баға белгілеу департаменті (С.Ө.Қанахин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы*

*Мемлекеттік кіріс министрінің м.а.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК